

**Дәрілік препаратты медициналық
қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)
Канефрон® Н**

Саудалық атауы
Канефрон® Н

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы
Ішуге арналған тамшылар, 100 мл

Фармакотерапиялық тобы
Несеп-жыныс жүйесі және жыныс гормондары. Урологиялық препараттар.
Урологиялық басқа препараттар.
АТХ коды G04BX

Қолданылуы
Несеп шығару жолдарының қабыну ауруларында және бүйрек тастарының түзілуін болдырмау үшін кешенді емде қолданылады.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың кез келген компонентіне, шатырлы тұқымдас (Umbelliferae) басқа өсімдіктерге (мысалы, анис, фенхель) немесе анетолға (эфир майларының компоненті) аса жоғары сезімталдық
- асқазан және он екі елі ішектің ойық жарасының өршу кезеңінде
- 18 жасқа дейінгі балаларға
- жүрек немесе бүйрек функциясының бұзылуы салдарынан болатын ісінулер және/немесе сұйықтық ішуді шектеуді дәрігер ұсынған жағдайда.

Қолдану кезінде қажетті сақтық шаралары

Бұл препараттың құрамында көлемі бойынша 16,0 - 19,5% алкоголь бар, яғни ересектер үшін бір реттік дозада 500 мг-ға дейін (50 тамшыдан), бұл 13 мл сыраға немесе 5 мл шарапқа баламалы. Ішуге арналған тамшыларды маскүнемдікке шалдыққан науқастарға, сондай-ақ маскүнемдікке қарсы нәтижелі емделуден кейін қолдануға болмайды. Бауыр немесе эпилепсия аурулары бар пациенттер сақтықпен қабылдауы керек.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі
Белгісіз. Бактерияға қарсы дәрілік заттармен біріктірілуі мүмкін.

Арнайы ескертулер

Ұзақ уақыт жоғары температурада, іштің төменгі бөлігіндегі ауырсыну, түйілулер, несепте қан болуы, несеп шығарудың бұзылулары және несептің жедел іркілуі кезінде дереу дәрігермен кеңесу қажет.

Сақтау кезінде сәл бұлыңғырлану немесе елеусіз шөгінді түсуіне жол беріледі. Бұл препараттың тиімділігіне әсер етпейді.

Қолданар алдында шайқау керек!

Аллергиялық реакцияның алғашқы белгілерінде препаратты қабылдауды тоқтату керек.

Педиатрияда қолдану

Препарат 18 жасқа дейінгі балаларға қолдануға болмайды.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Канефрон® Н препаратын жүктілік кезінде оны қолданудың пайда-қауіп арақатынасын дәрігер бағалағаннан кейін және оны қолдану жөніндегі нұсқауларды сақтай отырып, тек дәрігердің тағайындауымен қабылдау керек. Дәрілік затты әйелдер баланы емізу кезінде қабылдауға болмайды.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат көлік басқару қабілетіне және қауіптілігі зор механизмдермен жасалатын жұмысты орындауға әсер етпейді.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Ересектерге: 50 тамшыдан күніне 3 рет.

Енгізу әдісі және жолы

Ішуге арналған.

Қажетті доза дозалағыш тамшы құрылғысы бар құтының көмегімен өлшенеді. Қолданар алдында шайқау керек!

Қажет болғанда ащы дәмін азайту үшін Канефрон® Н препаратын басқа сұйықтықтармен бірге қолдануға болады. Пайдаланған кезде құтыны тігінен ұстаңыз.

Қабылдау уақытын көрсететін қолдану жиілігі

Бір реттік дозаны таңертең, түсте және кешке қабылдаңыз.

Емдеу ұзақтығы

Препараттың жақсы көтерімділігіне байланысты ұзақ қолдануға арналған. Ауыру жеделдігі бәсеңдегеннен кейін емдеуді 2 – 4 апта бойы жалғастыру керек. Емдеу ұзақтығын емдеуші дәрігер анықтайды. Препаратты қолданған кезде сұйықтықты молынан тұтыну ұсынылады.

Артық дозаланған жағдайда қолдану қажет шаралар

Осы күнге дейін артық дозалану жағдайлары тіркелген жоқ.

Емі: препаратты қабылдауды тоқтатып, симптоматикалық емдеуді бастау керек.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда (қажет болса) қабылдау керек шаралар

Жағымсыз реакцияларын бағалау кезінде мынадай жиілік санаттары негізге алынды:

Өте жиі ($\geq 1/10$)

Жиі ($\geq 1/100$, $< 1/10$)

Жиі емес ($\geq 1/1000$, $< 1/100$)

Сирек ($\geq 1/10000$, $< 1/1000$)

Өте сирек ($< 1/10000$)

Жиілігі белгісіз (қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес)

Жиі:

- асқазан-ішек бұзылыстары (мысалы, жүрек айнуы, құсу, диарея)

Жиілігі белгісіз - препарат компоненттеріне аллергиялық реакциялар (мысалы, бөртпе, қышыну)

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаса медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей электронды пошта:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

1 мл (0,98 г сәйкес) препараттың құрамында:

Әсер етуші компонент:

Толғақшөп шөбінен, дәрілік сүйиментамыр тамырынан, гүлшетен жапырақтарынан дәрілік өсімдік сұйық шикізаттының (1:56) 976 мг қоспа экстрактісі (1:1:1)

Экстрагент: этанол 59 % (к/к), тазартылған су

қосымша заттар: жоқ

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Өзіне тән иісі бар сарғыш-қоңыр түсті мөлдір немесе сәл бұлыңғырлау сұйықтық.

Сақтау барысында бозандануы (бұлыңғырлануы) және аздап шөгінді түзілуі мүмкін.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Ішуге арналған тамшылар.

100 мл препараттан алғашқы ашылуы бақыланатын және бұралатын қақпағы, жоғарғы жағында дозалағыш тамшылатқыш құрылғысы бар күңгірт шыныдан жасалған құтыда.

Құтыға өздігінен жабысатын заттаңба жапсырылады.

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салады.

Сақтау мерзімі

3 жыл

Құтыны ашқаннан кейінгі қолдану кезеңі: 6 айдан аспау керек.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші туралы мәлімет

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Бионорика КАЗ» ЖШС

050060 Алматы қ., Жароков көш., 331, тел: +7 (727) 250-93-99

e-mail: info@bionorica.kz